

Өкімдердің нысандарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 8 ақпандағы № 145 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 6 наурызда № 16533 болып тіркелді.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 118-бабының 3-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 125-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 256-бабы 3-тармағына, "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына және "Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 525 Қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 16.02.2024 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес салық төлеушінің (салық агентінің), кедендік төлемдер мен салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтем баждарын, өсімпұлдарды, пайыздарды төлеушінің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы мемлекеттік кірістер органы;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес әлеуметтік төлемдерді төлейтін агенттің (әлеуметтік төлемдерді төлеушінің) банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы мемлекеттік кірістер органы өкімдердің нысандары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 15.05.2020 № 487 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми

жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 16.02.2024 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкінің Төрағасы

_____ Д. Ақышев

2018 жылғы 16 ақпан

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 8 ақпандағы
№ 145 бұйрығына
1-қосымша
Нысан

Мемлекеттік кірістер органының салық төлеушінің (салық агентінің), кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, өсімпұлдар, пайыздар төлеушінің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 16.02.2024 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20__ жылғы " __ " _____

№ _____

(екінші деңгейдегі банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН),

орналасқан орны)

_____ ұсынылды.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"

Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 118-бабына, "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 125-бабына және 20__ жылғы "___" _____

№ ___ хабарламаға сәйкес

_____ (мемлекеттік кірістер органының атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН)

Салық кодексінің 118-бабының 2-тармағында, Кодекстің 125-бабының 2-тармағында

көзделген операцияларды және ақшаны алып қою жағдайларын қоспағанда,

—

—

(заңды тұлғаның, оның құрылымдық бөлімшесінің толық атауы немесе дара кәсіпкердің, жеке практикамен айналысатын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған

жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі /бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН/ЖСН), орналасқан орны)

—

банк шоттары (корреспонденттік шоттарды қоспағанда)

_____ (жеке сәйкестендіру коды) бойынша шығыс операциялары (х-ті тиісті торкөзде көрсету керек):

_____ тенге* сомасы шегінде (сомалары санмен және жазумен)

барлық шығыс операциялары

_____ (тоқтатыла тұрудың себебі) тоқтатыла тұрсын.

Мөр орны

_____ (мемлекеттік орган басшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Осы өкім 20__ жылғы "___" _____ табыс етілді.

*Ескерту: мемлекеттік кірістер органы салық берешегі немесе кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, өсімпұлдар, пайыздар бойынша берешегі өтелмеген жағдайда көрсетеді.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 8 ақпандағы
№ 145 бұйрығына
2-қосымша
Нысан

Мемлекеттік кірістер органының әлеуметтік төлемдерді төлейтін агенттің (әлеуметтік төлемдерді төлеушінің) банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 16.02.2024 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20 __ жылғы " __ " _____ № _____

(екінші деңгейдегі банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге

асыратын ұйымның атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН), орналасқан орны)

ұсынылды.

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің, "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына және "Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есептеу, ұстап қалу

(есебіне жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 525 Қаулысына сәйкес, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешек сомасы туралы 20__ жылғы " __ " _____ № _____ хабарламаның, аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешек сомасы туралы 20__ жылғы " __ " _____ № _____ хабарламаның, әлеуметтік аударымдар бойынша берешек

сомасы туралы 20__ жылғы " __ " _____ № _____ хабарламаның орындалмауына байланысты

(мемлекеттік кірістер органының атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН)
"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Қазақстан
Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 118-бабының 2-тармағында көзделген
операцияларды және ақшаны алып қою жағдайларын қоспағанда,

—
(заңды тұлғаның, оның құрылымдық бөлімшесінің толық атауы немесе дара
кәсіпкердің, жеке практикамен айналысатын адамдардың тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру
нөмірі
(ЖСН немесе БСН), орналасқан орны)

банк шоттары (корреспонденттік шоттарды қоспағанда) бойынша

(жеке сәйкестендіру коды) барлық шығыс операциялары тоқтатыла тұрсын.
Мөр орны

(мемлекеттік орган басшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)
Осы өкім 20__ жылғы " __ " _____ табыс етілді.